


МАШИНА ЖАСАУ 2021 ж. қаңтар-қыркүйек



1 567 МЛРД ТГ.



122,8% ФКИ




- Компьютеры, электронная и оптическая продукция
- Электрическое оборудование
- Машины и оборудование
- Автотранспортные средства, трейлеры и полуприцепы
- Прочие транспортные средства
- Ремонт и установка

\$1 042,5 МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт 82,5%
отӨ 17,5%



НАРЫҚ


\$10 099 МЛН



ИМПОРТ

Нарық, экспорт және импорт бойынша
2021 ж. 8 айдағы деректер

ӨНІРЛЕР КЕСІНІНДЕ 2021 Ж. ҚАҢТАР-ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ ӨНДІРІС КӨЛЕМІ, МЛРД ТЕҢГЕ



2021 жылғы қаңтар-қыркүйектегі машина жасау

ҚР машина жасау өнімі өндірісінің көлемі 2021 жылғы қаңтар-қыркүйекте ақшалай көріністе 2020 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда **32,4% өсті және 1 567,1 млрд теңгені құрады**, нақты көріністе де өндірістің 22,8% өскендігі байқалады.

Ақшалай көріністе өндіріс көлемі пандемиядан кейін экономиканың қалпына келуіне байланысты басрлық басым секторларда өсті: автомобиль жасау (+30,5%), теміржол машина жасау (+60%), ауыл шаруашылық машина жасау (+149,6%), электр техникалық машина жасау (+30,9%), мұнай-газ машиналарын жасау (+8,5%), тау-кен машиналарын жасау (+13,2%).

Машина жасау өнімінің ФКИ 2021 ж. жылғы қаңтар-қыркүйекте 2020 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда 122,8% құрады.

Автокөлік құралдары өндірісі секторында физикалық көлемнің елеулі өсуін атап өтуге болады **+31,6%**.

Көрсеткіштердің өсуіне автомобильдерді сатып алуға жеңілдікті кредиттер беруге арналған ақшалай транш түріндегі мемлекеттік қолдау және халықтың сұранысы нәтижесінде қол жеткізілді, 2021 жылы транш 20 млрд теңгені құрады.

Басқа да көлік құралдары өндірісі ФКИ (+50,5%). Теміржол локомотивтері мен жылжымалы құрам өндірісі есебінен.

Машиналар мен жабдықтар өндірісі ФКИ (+6,5%), бұған дейін енгізілген кәдеге жарату алымының есебінен оң динамика сақталды және нәтижесінде «Агромашхолдинг КЗ» АҚ базасында LOVOL маркалы қытай тракторлары өндірісін іске қосу, Кировец маркалы тракторлар өндіру бойынша жоба енгізілді.

Сондай-ақ, жұмыс істеп тұрған қуаттарда өндіріс көлемінің өсуі (мысалы, Көкшетау қазақстан-белорус индустриялық-технологиялық а/ш және коммуналдық техника паркі базасында). А/ш және о/ш техника өндірісі.

Компьютер, электрондық және оптикалық өнім өндірісі, компьютерлер мен перифериялық жабдық өндірісі және коммуникациялық жабдық өндірісі есебінен *ФКИ (+25,4%)*.

Компьютерлік техника өндірісінің өсуі Петропавл қ. С.М. Киров атындағы зауытта ноутбуктер мен планшеттер өндірісін іске қосуға байланысты тіркелді.

Электр жабдығы өндірісі ФКИ (102,6%) трансформаторлар өндірісі есебінен.

Машина жасау өнімінің экспорты реэкспорт өнімін (телефондар, турбореактивті қозғалтқыштар, ұшақтар және т.б.) қосқанда **2021 жылғы қаңтар-тамызда 1 042,5 млн АҚШ долл. құрап, 52% өсті.**

Осу отандық өнім экспортының өсуі және реэкспорт есебінен болды. Экспорт құрылымында отандық өндірушілердің негізгі үлесін аккумуляторлар (3,2%), т/ж арбалары (5%), цилиндр роликті мойынтіректер (2,9%), көлік құралдары (ТНВЭД 870323) (5,8%) және т.б. құрайды.

Негізгі экспорттаушы елдері: Өзбекстан, Ресей, Қырғызстан, Әзірбайжан.

2021 жылғы қаңтар-тамызда машина жасау өнімінің **импорты** 9% төмендеді және **10,1 млн АҚШ долл.** құрады. Бұл да әлемдегі пандемияға, экономикалық белсенділік пен сұраныстың төмендеуіне байланысты.

2021 жылғы қаңтар-тамызда импорт құрылымында негізгі үлесті цифрлық блоктар (5,5%), көлік құралдары (СЭҚ ТН 870323) (5,1%), телефон аппараттары (4,5%), ұшақтар және басқа да ұшу аппараттары (СЭҚ ТН 851712) (2,8%), моторлы көлік құралдарына арналған шанақтар (2,1%) құрайды. Негізгі импорттаушы елдер: Ресей, Қытай, Германия.

2021 жылғы қаңтар-қыркүйекте ҚР машина жасау нарығының көлемі 12,2 млрд **АҚШ** долл. құрады, онда ОТӨ үлесін 17,5%, импорт өнім үлесін 82,5% құрайды.

Сала Нұр-Сұлтан, Алматы қ., Костанай, Қарағанды және Ақмола облыстарында жоғары аумақтық шоғырланумен ерекшеленеді.